

Облыс әкімдігі жанындағы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

Облыс әкімдігі ғимараты
№ 301 мәжіліс залы

13 желтоқсан 2017 жыл
сағат 09.00

Төрағалық етуші: Нұрғалиев Ербол Жолдаспекұлы – Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары, Мемлекеттік рәміздер жөніндегі облыстық комиссиясы төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері: Е.Нұрғалиев, Қ.Токушев, Б.Елеусінова, Ғ.Байдербес, Л.Оразбаева, М.Қорғанбаева, М.Қойлыбаев, Е.Құрманбек, Н.Жүсіпов, Г.Төлебаева, А.Хайрулин, К.Омарбекова.

Шақырылғандар: Ішкі саясат бөлімдерінің басшылары

Күн тәртібі:

1. Алға ауданында Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау саласындағы жұмыс барысы туралы

2. Әйтеке би ауданында Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау саласындағы жұмыс барысы туралы

3. Темір ауданында Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау саласындағы жұмыс барысы туралы

1. Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ, бойынша облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Б.Елеусінова Облыс әкімдігі жанындағы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның инспекциялық топтың Алға ауданы бойынша жүргізген мониторингінің нәтижелері туралы баяндама жасады.

Жүргізілген мониторинг барысында анықталғандай аудан әкімдігіне қарасты мекемелердің барлығында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы. Техникалық шарттары» ҚР СТ 989-2014 ұлттық стандартына сәйкес, жаңа үлгідегі Елтаңбаларға ауыстырылған.

Аудан әкімдігінің ғимаратында орналасқан мемлекеттік мекемелерге мониторинг барысында келесідей кемшіліктер анықталды:

Алға ауданы әкімдігінің бірқатар мемлекеттік мекемелерінде атап айтқанда: ауыл-шаруашылығы, ветеринария, тұрғын-үй, коммуналдық шаруашылық кәсіпкерлік бөлімінде және Тамды ауылдық округінің әкімдігі мемлекеттік рәміздерді пайдалану барысында заңнама талаптарының бұзылғандығы анықталды.

Алға ауданының білім беру мекемелеріне мониторинг жүргізу барысында, Алға қаласының №2 В.Пацаев атындағы мектебінің фойесінде стендте орналастырылған, туында ластанулар, дақтар

анықталды. Тамды орталық мектебінің ғимаратында мемлекеттік ту орналастырылмаған, мектеп директорының кабинетіндегі ту бекітілген мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Алға ауданының прокуратура, сот, және қорғаныс істері жөніндегі ғимараттарының маңдайшаларында орналасқан тулардың мата тұтастығы бұзылып, шеттерінің жыртылғандығы анықталды. Аудандық «Нұр-Отан» партиясының ғимаратындағы ту тұғыры қисық орналастырылған.

Аудандық сот ғимаратында орналасқан Елтаңба мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмейді.

Алға ауданы әкімінің орынбасары Қонжар Әнуарбек Жеңісұлы өзінің баяндамасында анықталған кемшіліктердің жойылғандығы туралы ақпарат берді (баяндамасы қоса жалғанады).

2. Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша, Әйтеке би ауданының орталығында, Комсомол, Қызылжұлдыз ауылдық округтеріндегі 30-дан астам мекемелерінде жүргізілген мониторинг қорытындысы талқыланды.

Мониторинг барысында бірқатар кемшіліктер анықталды. Аудан әкімдігінің үлкен және кіші мәжіліс залдарындағы мемлекеттік ту дақтанған, үлкен мәжіліс залындағы мемлекеттік тудың тауар құлақшасы жоқ. Аудандық ветеринария бөлімінде мемлекеттік ту лас, дақтанған. Аудандық кәсіпкерлік бөлімінде Мемлекеттік рәміздердің орналасу тәртібі дұрыс емес. Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде мемлекеттік рәміздердің орналасуы дұрыс емес және мемлекеттік туды ұштықтың жоқтығы анықталды. Тұрғын-үй және коммуналдық шаруашылығы бөлімінде де мемлекеттік ту елтаңбаның оң жағында орналасқан, орналасу тәртібі дұрыс емес.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер Ж.Сәрсенов атындағы орта мектепте, Әйтеке би көпсалалы колледжінде және тағы да басқа мемлекеттік мекемелер мен білім нысандарында кездесті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша, Темір ауданының мемлекеттік мекемелерінде және білім беру, денсаулық сақтау нысандарындағы Мемлекеттік рәміздерді пайдалану және үгіт-насихат жұмыстарына талдау жасалды.

Жүргізілген мониторинг барысында Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау саласындағы үйлестіру жұмысын дәрежесі өте төмен деңгейде екендігі анықталды:

Мысалы: Темір қаласының әкімінің кабинетіндегі Мемлекеттік Ту ластанған, дақтары бар, орналастыру тәртібі де дұрыс емес, Туды жиһаздармен жауып тастаған. Әкімшілік тарапынан мемлекеттік рәміздерін пайдалану, насихаттау және қолдану жұмыстар жоспары

жасақталмаған. Бекітілген стандартқа сәйкес келмейтін Елтаңба акт арқылы жойылмай, әкімшілік ғимаратында сақталуда. Шұбарқұдық ауылдық округі әкімінің кабинетіндегі Мемлекеттік Ту ластанған, көзге көрінетін тесіктері бар. Тудың бір бұрышы еденге түскен. Кеңесту ауылдық округі әкімінің аппаратында бекітілген стандартқа сәйкес келмейтін Елтаңба мен істен шыққан Мемлекеттік Ту акт арқылы жойылмай, басшының кабинетінде сақталуда. Мекеменің мемлекеттік рәміздерін пайдалану, насихаттау және қолдану жұмыстар жоспарының бекітілген мерзімі жоқ.

Мемлекеттік рәміздерді пайдалану жұмысында көрсетілген кемшіліктер аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылығы бөлімі, дене шынықтыру және спорт бөлімі және басқа да мониторинг жүргізілген 27 мемлекеттік мекемелер мен білім, денсаулық сақтау және мәдениет нысандарында кездесті.

2017 жылы жоспарға сай аудандық ішкі саясат бөлімі тарапынан мемлекеттік рәміздерге қатысты 3 рет мониторинг жүргізіліп, 3 рет комиссия отырысы ұйымдастырылған. Бірақ, мониторинг қортындылары анықтама түрінде рәсімделмеген. Осыған байланысты, комиссия отырыстарында мемлекеттік мекеме басшыларына нақты тапсырмалар берілмей, олар жалпы түрінде нұсқауланған. Сондай-ақ, аудандық ішкі саясат бөлімі тарапынан мемлекеттік рәміздерді пайдалану, насихаттау және қолдану тәртібіне байланысты ақпараттық-әдістемелік шаралар аз өткізілген (2016 жылы 18 шара, 2017 жылы – 4 шара).

Мониторинг қорытындысы бойынша, көпшілік аудандық мекеме басшылары мемлекеттік рәміздердің стандарттарын және оларды қолдану тәртібтерін толық білмейді деп айтуға болады. Бұл жерде осы рәміздерге қатысты жұмыстың негізгі үйлестіруші – аудандық ішкі саясат бөлімінің жүргізген жұмысының сапасыздығы байқалады.

Төрағалық етуші :

Құрметті комиссия мүшелері және отырысқа қатысушылар!

2017 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес комиссия отырысы өткізілді.

Отырыста Алға, Әйтеке би, Темір аудандарында мемлекеттік рәміздер бойынша атқарылған жұмыстарға тиісті бағалар беріліп, кемшіліктерді жою жолдары ұсынылды.

Бүгінгі отырыс бойынша төмендегі ұсыныстар қабылданады:

1. Алға, Әйтеке би, Темір аудандарында Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау саласындағы жұмыс барысы туралы ақпараттар назарға алынып, анықталған кемшіліктерді ағымдағы жылдың **13 қаңтарға дейін** түзетіп, облыстық ішкі саясат басқармасына ақпарат берілсін.

2. Ақтөбе қаласы және аудандар әкімдеріне, облыстық департаменттер мен басқармалар, мемлекеттік мекемелер басшыларына:

Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның 2018 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес 2018 жылғы II тоқсанда мәдениет және спорт министрлігі, бас прокуратура, ішкі істер министрлігі, білім және ғылым министрлігі, инвестициялар және даму министрлігінің өкілдерінен құралған мемлекеттік рәміздерді пайдалану мен насихаттау саласындағы жұмыстарды мониторингілеу жөніндегі инспекциялық топ Ақтөбе облысына келеді.

Осыған орай келесідей тапсырмалар беріледі:

- Мемлекеттік рәміздерді ауыстыру және жою жұмыстарын Ережеге сәйкес жүргізу. Комиссия туралы бұйрық пен акті міндетті түрде құру. Барлық мекемеде Жаңа стандарттағы Елтаңбаларды ауыстыру;
- А.ж. ҚР мемлекеттік рәміздерінің 25 жылдығы аясында жыл соңына дейін түрлі деңгейдегі шараларды өткізу. Қаңтар айының 10-на дейін ҚР Рәміздерінің 25 жылдығына орай өткізілген шаралар туралы ақпарат пен фотоесептерді ішкі саясат басқармасына ұсыну;
- Музейлердің базасында тұрақты түрде мемлекеттік рәміздердің тарихы туралы экспозициялар құру, мемлекеттік рәміздердің тарихы туралы хабарлар мен бағдарламалар құру талап етіледі.
- БАҚ-да мемлекеттік рәміздер туралы хабарламалар мен бағдарламалар циклын құру, мемлекеттік рәміздерге арналған шараларды кеңінен насихаттау, мемлекеттік рәміздер саласындағы жұмыстарды ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етуіңіз керек.
- Мемлекеттік рәміздерді қолдану аясын кеңейту мақсатында мемлекеттік рәміздер саласындағы заңнамаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша тиісті шаралар

атқарып, мемлекеттік рәміздерді пайдалану мен насихаттау саласындағы жұмыстарды жандандыру қажет.

3. Ақтөбе қаласының әкіміне:

- Ақтөбе қаласында орналасқан мәдениет, денсаулық сақтау, спорт, білім беру және басқа да мемлекеттік мекемелерде Мемлекеттік рәміздерді тұрақты мониторинг жасау.

4. Алға ауданының әкіміне:

- Алға ауданының мемлекеттік рәміздер комиссиясының жұмысшы органы болып табылатын – аудандық ішкі саясат бөліміне Мемлекеттік рәміздерді пайдалану және насихат жұмысында әдістемелік жұмыспен қатар, мемлекеттік мекемелерге тұрақты мониторинг жүргізу.

Әйтеке би және Темір ауданының әкімдеріне:

- Мемлекеттік рәміздерді насихаттау мен пайдалану жөніндегі Әйтеке би және Темір аудандарының үйлестіру және әдістемелік көмек көрсету жұмысындағы қызметі қанағаттанарлықсыз деп бағаланып, ауданның жауапты лауазымды тұлғалары – аудан әкімінің орынбасарлары Б.Мулькаевқа, Б.Шаимовқа және аудандық ішкі саясат бөлімдерінің басшылары Н.Нажмадиновке және М. Шүйіншалинге тәртіптік жаза қолданылсын.

4. Отырыс хаттамасының орындалуына бақылау жасау Мемлекеттік рәміздер жөніндегі облыстық комиссия мүшелеріне және комиссияның жұмыс органы - облыстық ішкі саясат басқармасына жүктелсін.

**Облыс әкімінің орынбасары,
Мемлекеттік рәміздер жөніндегі
облыстық комиссия
төрағасының орынбасары**



Е.Нұрғалиев

